

МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ - ӨМІРЛІК АЗЫҚ

“Білім – бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы” деп бекер айтпаса керек атам қазақ. Адам өмірінде мамандық таңдаудан маңызды іс жоқ. Оңы мен солын танып үлгермеген мектеп оқушыларының барлығы мамандығын дәл таңдайды деп айтсақ, артық айтқандық болар еді. Сондықтан жастар мамандық таңдауда көбіне ата-аналарымен ақылдасып, бір шешімге келіп жатады.

Мұндайда жастарға қандай көмек болса да артықтық етпейтіні ақиқат. Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ “Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі – жар таңдағанда, екіншісі – мамандық таңдағанда” деп бекер айтпаса керек. “Мамандық” сөзі латын сөзінен шыққан, “жұрт алдында сөйлеу, жариялау” деген сөз. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат пен карьерист болу екеуі біздіңше екі бөлек нәрсе. Махаббатпен істелген жұмыс қана оң нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда

адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады. Осындай мамандар дайындау мәселесімен айналысып келе жатқанына 75 жылдан аса уақыт болған қара шаңырақ – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті екені белгілі. Аталған университеттің «Мәдениет және спорт» факультетінің Қазақстанды өлемге танытқан спортшыларды дайындаудағы өзіндік орны ерекше. Факультетте 1000-нан аса студенттер және магистранттар білім алуда, факультет қабырғасынан жыл сайын 300-ге жуық мамандар бітіріп шығады.

6B01410 «Бастапқы әскери дайындық» мамандығының түлектері орта мектептерде, колледждерде, университеттер мен өзге де оқу орындарында оқытушы қызметін, сондай ақ әскери бөлімдерде, ұлттық қауіпсіздік қызметінде, әскери комисариаттарда, шекара қызметінде, өрт сөндіру қызметінде, азаматтық қорғаныс салаларында, құтқару мекемелерінде қызмет етіп келеді.

6B04140 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының түлектері бастауыш және орта мектептерде, колледждерде, университеттер мен өзге де оқу орындарында оқытушы қызметін, сондай ақ басқа

да спорттық мекемелер мен спорт клубтарында жаттықтырушы қызметін атқарып келеді. Факультет студенттері академиялық ұтқырлық арқылы республика көлемінде және жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарында бір немесе екі семестр оқу мүмкіндігі бар.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті спорттық қызмет жүргізу барысында Қазақстан жоғары оқу орындарының көшбасшысының бірі болып табылады. Осы күнге дейінгі уақытта «Мәдениет және спорт» факультеті құрылғаннан бері, мұнда Олимпиада ойындарының қатысушылары, өлем чемпионаттарының, Еуропа және Азия чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері білім алды. Біздің факультет студенттері табысты жүлделерімен Қазақстан ЖОО-ларының студенттік универсиадаларына да қатысып келуде. 2002, 2005, 2009, 2013, 2015 жылдары біз Универсиада кубогын жеңіп алдық. 2011, 2013 және 2015, 2017 жылдары абыройлы екінші орынды иелендік.

**Қуаныш СИХЫМБАЕВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ, «Экономикалық
заң және аграрлық
мамандықтарға
арналған дене тәрбиесі»
кафедрасының аға
оқытушысы.**